

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №1

20.09.2022ж

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» туралы
2. 1 қыркүйек-Білім күні, 30 тамыз- Конституция күніне орай өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы;
3. Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу дайындық жұмыстары;
4. 25 қазан -Республика күні, Алтын күз мерекелерінің іс-шара жоспарын талдау;
- 5.Бастапқы мониторинг. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы.

1.Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі С.Атыгава сөз алды.

2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарына сай балабақшада «Жаңа оқу жылына дайындық» шолу тексеру жүргізілді. Тексеру барысында балабақшаның, топтардың тазалығы, құрал-жабдықтары, балалардың жатын орындары, тәрбие жұмысына керекті заттары, ыдыс-аяқтар, олардың саны, ойыншықтар, бөлменің жабдықталуына көңіл бөлген. Топтарда гүлдер көп. Жазғы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, топтар өз деңгейінде жабдықталды. Мейірбике Р.Мырзараймова балаларға арналған алғашқы көмек көрсету құралдарының дайын екендігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес күн тәртібі, Үлгілік оқу бағдарламасына сай ҮІӨ түзілген. Биылғы стандарттың ерекшелігі күн тәртібі сол алдынғыдай қалады, ұйымдастырылған оқу қызметі емес

ұйымдастырылған іс әрекеті болып өзгертілді. Уақыт шектеусіз. Барлық іс әрекет ойын түрінде кіріктіріліп жүргізілетіндігін айтып өтті.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша 1 қыркүйек-Білім күні, 30 тамыз-Конституция күніне орай өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы әдіскер С.Атыгаева сөз алды.

2022 жылғы 27 тамыздағы №24 н-қ бұйрығына сәйкес мерекелік іс-шаралардың жоспары бекітілген. Осы бекітілген жоспар бойынша тәрбиешілер ҰІӨ, іс-шара өткізді. Ересек «Көгершін» «Ата заңым ардағым» тақырыбында іс-шара өткізді. Балаларға конституция туралы түсінік берілді. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақ айтты. Ортаңғы «Аққу» топтарында ҰІӨ өткізді. Балалар тақпақтарын айтып, сұрақтарға жауап берді.

«Білім күніне» орай ортаңғы және ересек топтарда ҰІӨ өтті.

Ерте жас «Балапан»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2022ж	
Кіші жас топ «Балапан»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2022ж	
Ортаңғы «Аққу»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2022ж	
Ересек «Көгершін»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2022ж	

Балаларға Білім күні туралы түсінік берілді. Сұрақ-жауап әдісі арқылы балалардың білімдері қорытындыланды.

Сөйлегендер: Балабақша меңгерушісі С.Атыгаева Конституция күнінің іс-шарасы орташа деңгейде өткендігін, дайындық аз екенін, балалар тақпақтарын ұмытып қалғандығын айтты. Материал аз. Осыдан кейінгі іс-шараларға жауапкершілікпен қарап, жақсылап дайындалып өткізулерін айтты.

3.Тыңдалды: Келесі мәселе жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы балабақша меңгерушісі С.Атыгаева айтып өтті.

Ата-аналар жиналысының мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы мүмкіндігі т.б. тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Алдымен биылғы оқу жылының ата-аналар комитетін сайлап алу, қажет. Әдіскерге ата араларды балабақшаның жылдық жоспары және оның мақсат-міндеттерімен таныстыруды, мейірбике Р.Мырзараймова балабақша ас мәзірі мен дене шынықтыру шаралары туралы баяндама дайындауды тапсырды.

«Зорлық зомбылық қоғам» тақырыбында презентация дайындап, әңгіме жүргізу керектігінде айтып өтті.

Сөйлегендер: мейірбике Р.Мырзараймов, бізді жылда ата-аналарды балабақша

ас мәзірі мен шынықтыру шараларымен таныстырамыз. Ата-аналар балалардың тамақтану сапасы, мен ас мәзіріне көңілдері толады. Өз ризашылықтарын білдіреді. Көптеген балабақшалармен салыстырып, біздің мәзірімізді ұнатып, балаларды құнарлы әрі пайдалы тамақтандырады деп бізге алып келеді.

4.Тыңдалды: 25 қазан -Республика күні, Алтын күз мерекелерінің іс-шара жоспарын талқылау туралы балабақша меңгерушісі: С.Алыгаева сөз алды. «Республика күні» мен «Алтын күз» мерекелерінің сценарийлері жазылып, бекітілсін. Тақырыпқа сай ән, би, тақпақтар жаттатып дайындық жұмыстары жүргізілсін. Балалардың бойында мерекелік көңіл-күй тудыратындай, ата-аналардың көңілінен шығатындай етіп ұйымдастыру керектігін айтып өтті.

5.Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бастапқы мониторинг туралы әдіскер Н.Гаппарова айтып өтті.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг міндеттері, МДҰ білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету, МДҰ ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;

-Ұйымдастырылған іс әрекет барысының мазмұнын;

- Бақылау парағы мен баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерінің білуі;

-Мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін, баланың баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістерін игеруі қажет.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейінің болуын қарастырады. Осы бағалау деңгейі бойынша топтардың қорытындысы.

1. Ересек «Көгершін» тобы – I-1, II-15, III-9

2. Ортаңғы «Аққу» тобы- I-9, II-10, III-6

4. Кіші жас «Балапан» тобы –I-6, II-10, III-4

5. Ерте жас «Ботақан» тобы- I-7, II-2, III-1

Шешімі:

1.Балалардың білім, білік дағдыларын ары қарай жетілдіру жұмыстары жүргізілсін.

Жауапты:тәрбиешілер.

2. Жалпы ата-аналар жиналысы дұрыс ұйымдастырылып, өткізілсін.

Жауапты:тәрбиешілер.

3.25 қазан-Республика күні мен «Алтын күз» мерекелеріне дайындық жұмыстары талапқа сай жүргізіліп, өткізілсін.



Балабақша меңгерушісі:

С.Атыгаева

Хатшы:

Н.Гаппарова

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №2

23.11.2022ж

Қатысқандар:

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Өткен іс-шараларды талдау;
3. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау;
4. Баяндама: «Балабақшада инклюзивті білім беру».

1. Тындалды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметші қамтамасыз етуде МД жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Сондықтан балалармен тиісті жұмыстар жүргізіліп жылына 3 рет диагностика жүргізіледі. Қыркүйек айында бастапқы мониторинг жүргізіліп диагностика нәтижелері балалардың бақылау парағына енгізілген болатын. Диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзеу жұмысын жүргіту үшін педагогикалық процесінің міндеттері мен мазмұнын айқындалады. Барлық топ тәрбиешілері мен сол топта жұмыс жасайтын педагогтар күн тәртібі барысында диагностика нәтижелерінің қорытындысы бойынша түзету жұмыстарын жүргізуде.

Жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Құрметті ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болып, балабақша өміріне белсенді араласып тұратын ата-аналар комитетінің төрағасы немесе төрайымын және мүшелерін сайлап алу керектігін айтты. Жалпы комитеттің жұмысымен және жалпы міндеттерімен таныстырды. Ата-аналар ұсыныстары бойынша ата-аналар комитетін

ұйымдастыру болып табылды. Ата-аналар комитетінің төрайымы бір ауыздан Э.Момбекова болып сайланды.

1К.Серикова

2. Г.Бердиева ата-аналар бір дауыстан ата-аналар комитетінің мүшесі қылып шешім қабылдады.

Балабақша әдіскері Н.Гаппарова «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында баяндама оқыды. Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі. Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет .

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.

2. Тыңдалды. Өткен іс-шараларды талдау бойынша балабақша меңгерушісі А.Аблаева сөз алды.

25 қазан Республика күніне орай ортаңғы және ересек топтарды ҰІӨ өтті. Басты мақсат: балаларға біздің Республика күні жөнінде түсінік беру. Патриоттық және адамгершілік сезімдерін ояту “Отан ” туралы түсініктерін кеңейту.

ҰІӨ тәрбиешілері жақсы дайындалған. Бейнероликтер мен суреттер көрсетіп балаларға Республика күні Қазақстан туралы түсінік берді. Балалар тақырыпқа сай тақпақтар айтып әндер орындады.

Және де биылғы оқу жылының жылдық жоспарына сай ересек және ортаңғы топтарда “Қош келдің Алтын күз”тақырыбында мерекелік іс-шаралар өтті. Зал мерекеге сай безендірілген тәрбиешілер мен, балалар мерекелік киім

киген. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтты. Бірақ ортаңғы “Аққу” ересек “Көгершін” топтарының дайындығы аздау болған сияқты. Келесі іс-шараларға көп көңіл бөліп жауапкершілікпен дайындалады деген сенімдемін.

3. Тыңдалды. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау туралы балабақша меңгерушісі А.Аблаева айтып өтті.

Құрметті әріптестер, алда тағы бірнеше мерекелік іс-шаралар жоспарланған. Тәуелсіздік күніне ортаңғы және ересек топтар ашық ҰІӨ мен іс шараларға жауапкершілікпен дайындалыңыздар. Жаңа жылда мерекелік іс шара өткізесіздер. Тәрбиешілер өз жоспарларын ортаға салып, бөлісті. Қажетті түзетулер енгізілді.

4. Тыңдалды. «Балабақшада инклюзивті білім беру» тақырыбында тәрбиеші Г.Қаракулова баяндама оқыды. Инклюзивті оқыту- мүгедек пен дамуында сәл бұзылушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті оқыту – барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепке және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, олардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

инклюзивті оқытудың -негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
 2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
 3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
 4. Барлық адам бір-біріне қажет.
 5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
 6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
 7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
 8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.
- Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіндігі

шектеулі балаларды оқыту әлі де өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Олардың қатары жыл сайын өсіп жатқандықтан, жарымжан балаларға білім беру жүйесін жетілдіру қажет. Қазір олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен теңдей білім алуына жағдай жасау қажет.

Ал, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу ерекшелікті қажет етеді. Ата-ананың тарапынан ұстамдылық, шыдамдылық, төзімділік, сабырлық сияқты қасиеттер болуы тиіс. Отбасының бала тәрбиесіндегі алар орнын халқымыз « ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілерсің» деген даналық оймен түйе білген. Кемістің түріне де және күрделілік деңгейіне байланысты балаларды тәрбиелеу мүмкіндігі де өзгеріп отырады.

Арнайы әдістерді пайдалана отырып, тәрбиеші бала тәрбиесіндегі кемшіліктерді тікелей түзетуге ықпал етеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу кезінде жаттығу түзетудің арнайы әдістерінің бірі болып табылады. Жаттығуларды орындай отырып бала өзін ортада дұрыс ұстауға, мейірімділікке, төзімділікке үйренеді. Бірақ жаттығуға толығымен жүгінуде балаларды агрессияға, мінезіндегі кикарлықты тудыруы мүмкін.

Шешімі:

1. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер, жаңа жылдық іс шара жоспарға сай өткізілсін.

Жауапты:тәрбиешілер.



Балабақша меңгерушісі:

С.Атыгаева

Хатшы:

Н.Гаппарова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 3 Хаттамасы

10. 03. 2023

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

1. Балабақша аумағын көктемгі кезеңге дайындау.
2. Спорттық жаттығулар жоспарлау және өткізу.
3. Ас блогының санитарлық жағдайы.

1. Бірінші мәселе бойынша меңгеруші С.Атыгаева сөз алды. Көктем мезгілі басталғандықтан балабақаш аумағын көгалдандыру жұмыстарын жүргізу керегін айтты. Балабақша ауласындағы су ағатын атыздарды тазалап, еріген қар сулары ағуына кедергі жасамайтындар етіп қойындар деді. Қураған ағаштар, ағаштырдың арттық бұталарын кесіп, балабақша ауласына жаңа көшеттер отырғызу керегін айтты. Топтарға берілген жер үлестерін тазалап, аула гүлдерін отырғызып, әдемі етіп безендіріп қою керегінде айтып өтті. Қажетті құралдар, көшеттер шаруа меңгерушісі Ж.Мұхтарқызы аласыздар –деді.

2. Екінші мәселеде бала денсаулығын сақтау, дене шынықтыруға, спорттық ойындарға қызығушылығын арттыру керек екенін айтты. Балалар негізгі қимыл түрлерін игеріп, жаттығуларды өз беттерінше қызығып орындауға қызығушылығын оятыңыздар. Топ тәрбиешілеріне бала жасын ескере отырып, спорттық сайыстар, жаттығулар жоспарын жасап ұсынуын және өткізуін айтты.

3. Үшінші мәселеде ас блогы мен кір жуатын орынның санитарлық жағдайы туралы болды. Балабақша мейірбикесі Р.Мырзараймова – тамақтану баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі екенін айтты. Тамақ сапасының төмендеуі бала ағзасының қорғау-бейімдеу механизмінің деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекеттің өсуіне мүмкіндік туғызады, сондай-ақ асқорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтан да біздің балабақшада тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді. Тамақты ұйымдастыруда мына принциптерді ұстанамыз. Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары баланың энергетикалық шығындарына сәйкес келіп, тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық түліктер теңдестірілген. Азық-түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өңделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталғаны, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапасы. Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтануы мәдениетін дағдыландыруға себепші болады. Ас блогында ыдыстар толық жетеді. Тақтайшалар, пышақтар, кострюльдар бар екені. Күнделікті тазалау жүргізіліп, желдетіледі-деді. Азық-түлік жеткізушілермен шарттар жасасу және азық –түлік бағасының құны. Біздің балабақшада күніне 3 рет тамақтанады: Таңғы асқа – сүт ботқалары: сұлы, күріш, қарақұмық, бидай. Сусын ретінде сүт қосылған кофе, какао, маймен, сыр беріледі. Түскі ас – өсімдік майы қосылған балғын көкөністерден түрлі салаттар (қияр, қызанақ, сәбіз). Бірінші ыстық тағам – борщ, көкөніс көжесі, сорпа, кеспе немесе макарон өнімдері қосылған көжелер. Екінше тағам шәуле, манты, аймаш беріледі. Үшінші тағам – балғын жемістерден, кепкен көкөністерден компот, табиғи жидектерден кисель. Бесін ас – сүт, шырын, балшырын, печенье, кондитерлік бұйымдар, тоқаштар. Тамақты сақтау және дайындау үдерісіне және ас үйге деген санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін маңызды. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар.

Шешімі:

1. Балабақша ауласына көгалдандыру жұмыстары жүргізілсін.
Жауапты: ш/м А.Сапарбаев
2. Топтар арасында, ата-аналармен спорттық сайыстар ұйымдастырылып, өткізілсін.
Жауапты: топ тәрбиешісі
3. Балалардың тамақ сапасы күнделікті қадағаланып тұрсын.
Жауапты: мейірбике Г.Анарбаева



Балабақша меңгерушісі:

С.Атыгаева

Хатшысы:

Н.Гаппарова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 4 Хаттамасы

30.05. 2023

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

- 1 .Өткен меңгеруші жанындағы кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балалармен сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру
3. Балалармен және педагогтармен ӨҚ бойынша өткізілген жаттығулар туралы
4. Жазғы кезеңде тамақтандыруды ұйымдастыру.

1.Бірінші мәселе бойынша өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына меңгеруші С.Атыгаева тоқталды. Балабақша ауласында көркейту көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Аула таза, қураған ағаштар бұталып, тазаланды. Гүлзардағы гүлдер күнделікті суғарылып тұрсын деді.

2.Балабақша жазғы маусымдық кестеге ауысты. Балалармен сауықтыру жұмыстары ұйымдастырылады. Бала демалысқа кеткен жағдайда ата-аналарынан өтініш жаздырып алыңыздар. Ата-ана өтінішінде баланың балабақшадағы орыны сақталып тұруына өтініш берді. Өтініште кету және келу күндері нақты көрсетілсін. Су ішу режимі, күннің астында жүру режимі сақталсын. Ауа және күн ванналарын қабылдасын. Балалардың күнінің көп бөлігі ойын алаңында

өткізіп, ойын алаңдарының санитарлық жағдайы қауіпсіздігі сақталсын. Ата-аналармен байланыста болыңыздар, балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бойынша жұмыс жүргізу керегін айтты меңгеруші С.Атыгаева.

3.Үшінші мәселе бойынша өрт қауіпсіздігі бойынша атқаралған жұмыстар жайында есеп болды. Биылғы жылға балабақша ұжымымен төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер, өрт қауіпсіздігі кезіндегі орындалатын іс-әрекеттер бойынша жаттығулар жасалды деді әдіскер Н.Гаппарова. Балаларға арнайы дайындалған видеороликтер көрсетілді. Видеороликте өрттің шығу қауіпін тудыратын жағдайлар, өрт шыққанда жасалатын әрекеттер көрсетілген. Балаларға үйдегі қауіпсіздік туралы айтылды. Әр квартал сайын төтенше жағдайлар бойынша жаттығулар орындалды.

4. Төртінші мәселеде жаз мезгіліне байланысты дайындалған ас мәзірі жайында айтылды. Жазғы маусымдық кезеңге ауысқандықтан балаларға көкөністер салаты, жемістер, фито шайлар беріледі. Салқын қарақұмықтан, күріштен көже дайындалады. Су режимі сақталады- деді мейірбике Р.Мырзараймова. Меңгеруші С.Атыгаева күннің ысытуына байланысты астың ашып кетуінен сақ болу керегін айтты. Баланың тамағына тұтынатын әрбір зат балғын, сапалы болуы керек –деді.

Шешім

1. Балалармен ұйымдастырылған сауықтыру –шараларында баланың жалпы жағдайы бақыланып, жүргізілсін. Жүргізілсін. Жауапты мейірбике: Р.Мырзараймова
2. Өрт қауіпсіздігі сақталсын. Жауапты ш/м А.Сапарбаев
3. Балаларға берілетін тағамдар балғын көкөністермен мен жемістерден дайындалсын.



Балабақша меңгерушісі:

С.Атыгаева

Хатшысы:

Н.Гаппарова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№ 5 Хаттамасы

20.06.2023

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

1. №5 меңгеруші жанындағы кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жаз маусымындағы сауықтыру шараларының жүргізілу барысы
3. Жаңа оқу жылына дайындық
4. №1 пед кеңеске дайындық.

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесінде балабақшада жүргізіліп жатқан жазғы сауықтыру жұмыстары туралы болды. Балалар күнінің көп бөлігін таза ауада өткізіп, ойындар қуыршақ театры, ертегілерді сахналау, спорттық шаралар жүргізіліп жатыр деді. «Жолда сақ бол, балақай» жол ережесінен сайыс өткізілді. Сауықтыру шаралары жақсы өткізіліп жатыр. Жазғы маусымдық кезеңде, кезекті ақылы еңбек демалысына қызметкерлердің шығып жатқанын айтты. Топта 2

тәрбиеші болғандықтан, еңбек демалыстарын кезекпен алып жатыр. Топтағы бала өміріне абай болыңыздар. Мейлінше көзден таса етпеңіздер. Аулада ойын алаңында жүргенде, тәртіппен ойын ойнауға шақырып, тәрбиелеңіздер –деді меңгеруші С.Атыгаева.

2. Үшінші мәселеде жаңа оқу жылына балабақшаның дайындығы, топтардың балалармен толықтырылуы айтылды. Бос орындар жарияланған, балабақшаға балаларды қабылдау жүргіліп жатыр. «Balabaqsha Smart Nation» порталына жарияланға бос орындарға ата-аналар өтініш тастап, жолдамамен келуде. Өтініштері қанағаттандырылған ата-анамен келісім шарт жасалды, балабақшаға қабылдау кезінде қажетті құжаттар тізбесі берілді. Бала балабақшаға толық қабылданып болған соң ұлттық білім беру деректер қорына, бала жайлы толық мәлімет ендіріледі. Балабақшаға қабылданға балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа оқу жылына топтар жасақталады. Әрбір ата-ана баласын жақсы балабақшаға бергісі келеді. Балабақшадағы әрбіріміз өз міндетімізге жауапты қарасақ, сапалы жұмыс нәтижесін көрсетсек, балабақша беделі көтеріліп, бала саны арта түседі. Сондықтан балабақшаның әр бір қызметкерінің балабақша беделіне қосар үлесі бар- деді меңгеруші С.Атыгаева.

3. Жаңа оқу жылына бірінші педагогикалық кеңес тамыз айының 29 күні өткізіледі. Онда 2023-2024 оқу жылына жоспар жасалып, жұмыстарымызды айқындап аламыз. Биылғы жылға жұмыс нәтижесіне қарай, жаңа оқу жылының мақсат міндеттері алынады. Ата-аналармен жұмыс, мерекелік ертеңгіліктердің тізбесі, ашық ұйымдастырылған оқ іс-әрекеттерінің тақырыбы қойылады. Тәрбиешілер сіздер жаз бойына жасаған жұмыстарыңыздың есебін дайындаңыздар- деді меңгеруші А.Елтоқова.

Шешім

1. Жазғы сауықтыру жұмыстары жүргізу жалғастырылсын.
2. Жаңа оқу жылына балаларды балабақшаға қабылдау жұмыстары сапалы орындалсын. Жауапты: әдіскер Н.Гаппарова
3. №1 педагогикалық кеңеске дайындық жүргізілсін. Жауапты әдіскер Н.Гаппарова



Балабақша меңгерушісі:

С.Атыгаева

Хатшысы:

Н.Гаппарова